

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ
сыбайлас жемқорлық тәуекелі бойынша ішкі талдаудың
аналитикалық анықтамасы**

Астана қаласы

2025 жыл «06» сәуір

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) Басқарма төрағасының 2024 жылғы 20 тамыздағы №254-нқ бұйрығымен құрылған жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

- Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарындағы (ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Қоғамның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2025 жылдың 6 наурызы мен 31 наурызы аралығы.

Талдау кезеңі:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау кезінде 2024 жылдың 1 қаңтары мен 2025 жылдың 31 наурызы аралығындағы кезең қамтылды.

Жұмыс тобының құрамы:

- 1) Жұмыс тобының басшысы – Комплаенс-офицер Ахметова Назира Серікқызы,
- 2) Жұмыс тобы басшысының орынбасары – Басқарма төрағасының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары Павловец Лариса Павловна;
- 3) Көшербаев Марат Мұқанұлы – Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы;
- 4) Шугелова Айжан Тұрсынқызы – Адами ресурстарды басқару бөлімінің бастығы;
- 5) Маханова Раушан Пашанайқызы – Бас бухгалтердің орынбасары.

Қоғамда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қоғамның Басқарма төрағасының 2025 жылғы 28 ақпандағы №41-нқ бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Сипаттама бөлігі

Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» 2022 жылғы 24 қаңтардағы №25 қаулысына сәйкес құрылған. Қоғамның құрылтайшысы - Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті. Қоғамның акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

Қоғам - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі мақсатына табыс табу жатпайтын коммерциялық емес акционерлік қоғам.

Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1-бөлім. Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарындағы (бұдан әрі - ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау шеңберінде зерделенген Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының тізімі:

1. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Жарғысы;
2. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Кадрлық саясаты;
3. «ҰБОО» КеАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ереже;
4. Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ереже;
5. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Кадр резерві туралы ереже;
6. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында персоналмен жұмыс жөніндегі нұсқаулық» 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №09-нқ бұйрық. № 1 қосымша.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының №313 бұйрығымен бекітілген.

Жарғы Қоғамның атауын, мекенжайын, құқықтық мәртебесін, құрылу тәртібі мен органдарының құзыреттілігін, Қоғамның құқықтары мен міндеттерін, қайта құру және қызметін тоқтату шарттарын және басқа ережелерді айқындайды.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ кадр саясаты (бұдан әрі – Кадр саясаты) Қоғамның Басқарманың 2023 жылғы 9 маусымдағы №23 шешімімен бекітілген.

Кадр саясаты Қоғамның Стратегиялық жоспарынан туындайды және Қоғамның миссиясын, құндылықтарын, принциптері мен адами ресурстарды басқару саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын, сондай-ақ осы қызметтегі тиімділік өлшемшарттарын айқындайды.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ереже (бұдан әрі – Еңбекақы төлеу ережесі) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі – Біліктілік комиссиясы туралы ереже) Қоғамның Басқарма төрағасының 2024 жылғы 30 қаңтардағы №1 шешімімен бекітілген.

Біліктілік комиссиясы туралы ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және біліктілік комиссиясын құру тәртібін, құрамын, құзыреттілігі мен жұмыс регламентін, мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ Кадр резерві туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ бос тұрған басшы лауазымдарға тағайындау үшін кадр резервін қалыптастыру және олармен жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

Қоғамда бос басшылық лауазымдарға тағайындау үшін кадр резерві (бұдан әрі – Кадр резерві) – бос лауазымға үміткерлерден құралатын деректер базасы (жүйеленген тізім).

Кадр резервін қалыптастырудың негізгі мақсаты - дайындалған кадр құрамын құру және қоғамдағы бос басшылық лауазымдарды сапалы жинақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында персоналмен жұмыс жөніндегі басшылық персоналмен жұмыс саласындағы негізгі қағидаларды қамтиды, кадр қызметінің, қоғамның тікелей басшылары мен лауазымды адамдарының тиісті рәсімдерді жүргізу тәртібі мен мерзімін реттейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

«Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ереженің 21-тармағына сәйкес лауазымдық жалақының мөлшері қызметкерге Қоғамның басқарма төрағасының шешімі бойынша лауазымдық айлықақылар ауқымы шегінде белгіленеді

Сондай-ақ, Еңбекақы төлеу ережесінің 24-тармағына сәйкес лауазымдық жалақының көлемін өзгерту құрылымдық бөлімше басшысының қолдауаты негізінде Басқарма төрағасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Осылайша, жоғардыда көрсетілген тармақтарда қызметкерге жалақыны белгілеу, лауазымдық жалақысын өзгерту туралы жеке-дара шешім қабылдау бар.

2. Персоналды басқару

2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қоғамның тізім бойынша қызметкерлер саны – 670, ал 2025 жылдың 1 қаңтарында – 674 қызметкер.

Қоғамда: Кадр саясаты; Кадр резерві туралы ереже; Қоғамның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру ережесі; персоналмен жұмыс бойынша нұсқаулық әзірленіп, бекітілген.

2024 жылы 22 қызметкер курстан өтіп, сертификат және куәлік алған, оның ішінде:

- 4 қызметкер – өз есебінен;
- 3 қызметкер – тегін;
- 15 қызметкер – Қоғам есебінен.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақысы штаттық кестеге сәйкес белгіленеді.

Бюджетте үнемделген қаражат болған жағдайда, қызметкерлерді ынталандыру үшін мемлекеттік, ұлттық және кәсіби мерекелерде сыйақы беріледі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастыру

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Іскери этика кодексі, Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты, Комплаен қызметі туралы ереже, Қызметкерлерге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық әзірленген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралары Жұмыс жоспары (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті жылға арналған іс-шаралар жоспары) негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда «Сенім телефоны» қауырт желі – телефон және электронды пошта жұмыс істейді.

2024 жылы «Сенім телефоны» қауырт желісіне арыз-шағымдар түскен жоқ.

2024 жылы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері анықталған жоқ.

4. Бюджет қаражатын және қаржыны игеру және бөлу

Жылдық бюджет пен Қоғам қаражатының жұмсалуына бюджеттік қадағалау

Қоғамның жылдық бюджетін қалыптастыру, қайта қарау (түзету), атқарылу мониторингі және қаражатының жұмсалуды бюджеттік бақылау тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 бұйрығына сәйкес, Қоғамның Даму жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Жылдық бюджетті бекіту, сондай-ақ қаражаттың жұмсалуды бюджеттік бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Қоғам жыл сайын қаржы есептілігі бойынша тәуелсіз аудит жүргізеді, ол пайда немесе залал және басқа да жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер және өткен жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерін және басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелерді қамтиды. Жыл сайын қоғам қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитін жүргізеді, оған кіреді

Қаржылық есептілік қоғамның қаржылық жағдайын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес бір жылдағы қаржылық нәтижелер мен ақша ағындарын барлық маңызды аспектілерде сенімді түрде көрсетеді.

Тауарларды, жұмыс пен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алу жоспары сатып алу веб-порталында Сатып алу жоспары бекітіліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жарияланады.

Сатыпалымды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушінің Ережеде қарастырылмаған талаптарды белгілеуіне жол бермеу үшін, сондай-ақ сатып алынатын тауар, жұмыс және қызметтердің жекелеген Өнім берушіге тиесілігін айқындатын сипаттамалар анықталмауы бөлігінде біліктілік талаптарын, техникалық ерекшелік жобасын қарайды. Біліктілік талаптары, техникалық ерекшелік (техникалық тапсырма) жобаларында ескерту болған жағдайда, Сатыпалымды ұйымдастырушы көрсетілген құжаттардың жобаларын пысықтау үшін қайтарады.

Мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералық бақылау қорытындысы бойынша 2024 жылы сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою фактілері болмаған.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары 2024 жылы Қоғамға тексеру жүргізбеген.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Баяндалғандардың негізінде Қоғамның сыбайлас жемқорлық регистрі және картасы (1-қосымша), сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдар тізбесі (2-қосымша) әзірленді.

Осылайша, мына сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалды|:

- Кадрлық тәуекел;
- Мемлекеттік сатып алу тәуекелі;
- Құқықтық тәуекел.

Қорытынды бөлім.

Ұсынымдар.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты Қоғамға мыналар ұсынылады:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және ынталандыру туралы ережеге (21,24-тармақтары) өзгеріс енгізу.